**Ж.Ташенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі**

# Сабақтан тыс кіріктірілген сабақ

**Тақырыбы:** ***«Мемлекеттік тіл – менің тілім»***




**Ұйымдастырғандар:** Математика пәні мұғалімдері: М.Отарқұл, А.Мекенбай
химия пән мұғалімі А.Анасова,
физика пәні мұғалімі Ф.Уйсинбаева.

**2022-2023 оқу жылы**

**Жаратылыстану пәндері(химия, физика, математика) мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өтетін «Тіл мерекесіне» арналған кіріктірілген сабақ**

**Сабатың тақырыбы:** Мемлекеттік тіл – менің тілім

**Химия пәні мұғалімі:** Армысыздар! Құрметті ұстаздар! Білім құмар оқушылар! Сіздерді тілдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Осындай өркениетті, тәуелсіз қазақ елінің тілін, дінін сақтай отырып, ғылымның дамуына үлес қосар ұрпақ болайық!

**Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:** «Мемлекеттік тіл – менің тілім»

**Мақсаты:** оқушылардың тіл туралы танымдық деңгейін көтеру, білімді, жан-жақты болуға үйрету. Химия, физика, математика ғылымдарының қазақ елінде де дамуын көрсету. Қазақ еліне, жеріне,тіліне деген патриоттық сезімін ояту.

**Қатысқандар:** 9-10-11 – сынып оқушыларының қатысуымен өтеді.

**Математика пәні мұғалімі:** Бүгін бізде жаратылыстану пәндері тіл апталығына үлес қосып отырмыз. Себебі тіл ортақ тақырып, ортақ қарымқатынас құралы. Осы тіл арқылы ғылым да дамып отыр.

Оқушылар 3 топқа бөлініп отырады.

***1-топ математиктер тобы;***

***2- химиктер тобы;***

***3- физиктер тобы*** болып білім сайысына түсеміз.

Сайыз кезеңдері:

1. «Мақал сөздің мәйегі» (химия,физика, математикаға қатысты мақалдар айтып жарысады. Қай топ көп айтады сол көп ұпай жинайды)
2. Үй тапсырмасы. Арнайы тақырыптар берілген. Сол тақырыптарды слайдпен немесе постер жазып қорғайды
3. «Сандардан сөздер құрау» әдісі
4. Қорытынды. «Менен бір тілек» әдісі.

Сабақтың барысы

| бақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| абақ сы 5 ин | Сабақты тамаша психологиялық көңіл-күймен ашу үшін «Қазақ тілі» орындайық.<br><br>1-тапсырма: Әр топ бір шумақтан «тіл туралы» өлең оқиды | Оқушылар хормен «Қазақ тілі» әнін орындайды<br><br>Әр топтан бір оқушы «тіл туралы» шумақ өлең оқиды | | Бейнеролик, Слайд Ғаламтор беттері. Үлестірмелі жұмыстар. |
| ртасы мин | ***1. «Мақал сөздің мәйегі»*** | химия,физика, математикаға қатысты мақалдар айтып жарысады. Қай топ көп айтады сол көп ұпай жинайды | | кескін материал |
| мин | ***2. Үй тапсырмасы. Арнайы тақырыптар берілген. Сол тақырыптарды слайдпен немесе постер жазып қорғайды*** | Математика тобы «Қазақы өлшемдер» туралы слайд қорғайды<br><br>Химиктер тобы «Ежелгі қазақтардың материалдық мәдениеті» туралы слайд қорғайды<br><br>Физиктер тобы « ғалым Әл-Фарабидың еңбектері мен тілді байланыстыра отырып слайд қорғайды. | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 мин | ***3. «Сандардан сөздер құрау» әдісі***<br>1. Тіл – достықтың кілті<br>2. Тіл – ақылдың өлшемі<br>3. Тіл – ұлы байлық | Әр топқа Алфавит және сандармен жазылған жасырын сөйлем беріледі. Оқушылар жауабын табады |
| Соңы: 5 мин | ***4. Қорытынды. «Менен бір тілек» әдісі.*** | Оқушылар бүктелген күлте жапырақтарға тілге деген тілектерін жазып суға салады. Суға түскен гүлдер физика-химиялық заңдылықпен ашылады. |

**Физика пәні мұғалімі:** Кешіміздің Құрметті қонағымыз болған ұстаздарымызға сөз берсек, өздерінің оқушыларымызға деген бағаларыңызды берсеңіздер:

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері: Ұ.Шұлғаубаева апай мен Г.Уткельбаева апай

Бейіндік оқу ісі орынбасары: Г.Баймаханова апай.


HOT ON MI 8
I DUAL CAMERA




HOT ON MI 8
I DUAL CAMERA




HOT ON MI 8
I DUAL CAMERA


HOT ON MI 8
I DUAL CAMERA


I DUAL CAMERA


HOT ON MI 8
I DUAL CAMERA